

## Тауар биржалары туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 20 наурыз N 1604. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.04.17. N 2172 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде және Қазақстан Республикасында тауар биржаларын құру мен олардың жұмыс істеуінің, биржалық сауда жүргізу мен тауар биржаларының қызметін мемлекеттік реттеудің жалпы құқықтық негіздерін айқындау мақсатында қаулы е т е м і н :

1. Тауар биржасы (бұдан былай мәтін бойынша "биржа") (өзі белгіленген сауда тәртібі бойынша белгілі бір жерде және белгілі бір уақытта тұрақты жария көпшілік сауда өткізу жолымен биржалық тауарларды көтерме сату жөніндегі ұйымдастырушы және реттеуші қызметті жүзеге асыратын кез келген меншік нысанына негізделген, заңды тұлға құқы бар дербес ұйым болып табылады деп б е л г і л е н с і н .

2. Биржа - өз мүшелеріне табыс төлеу үшін пайда алуды мақсат етіп қоймайтын субъект деп саналсын.

3. Биржа өзіне берілген биржалық лицензияның негізінде биржалық тауарларға көтерме сауда жүргізуге тікелей байланысты ұйымдастырушылық және реттеуші қызметті жүзеге асырады деп белгіленсін. Биржаларға биржалық саудаға тікелей байланысты емес сауда, сауда-делдалдық және кез-келген өзге қызметті жүзеге асыруға, қызметі биржалық тауарларды көтерме сату жүргізуге тікелей байланысты емес кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың салымдарын жүзеге асыруға, үлесін (пайын), акцияларын алуға тыйым салынады.

4. Биржа белгіленген тәртіппен биржалық саудаға жіберген, айналымнан алынып тасталмаған белгілі бір тектес және сапалы тауар, оның ішінде аталған тауарға жасалған стандартты контракт пен коносамент биржалық тауар болып табылады деп белгіленсін. Биржа жария көпшілік саудаға шығаратын биржалық тауар нормативтік құжаттама талаптары мен қолданылып жүрген стандартқа жауап беруге тиіс. Қозғалмайтын мүлік пен интеллектуальдық меншік объектілері биржалық тауарлар бола алмайды.

5. Биржалық тауарға қатысты биржалық саудаға қатысушылардың биржа

тіркеген шарты (келісім, контракт) биржалық мәміле болып табылады деп саналсын. Биржалық мәмілені тіркеу және рәсімдеу тәртібін биржа белгілейді. Биржада жасалған, бірақ тіркелмеген және белгіленген тәртіппен рәсімделмеген мәмілелер жарамсыз деп саналады. Мұндай мәмілелерге биржаның кепілдігі т а р а т ы л м а й д ы .

6. Биржалық саудаға қатысушылар биржалық сауда барысында: нақты тауарға қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара алысып-берісуге; беріп тұру мерзімі ұзартылған нақты тауарға қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара алысып-берісуге (форвардты мәмілелер); биржалық тауарды келешек беріп тұруға арналған стандартты контракттарға қатысты құқықтар мен міндеттерді өзара алысып-берісуге ( ф ь ю ч е р л і к м ә м і л е л е р ) ;

биржалық тауарға немесе биржалық тауарды беріп тұруға арналған контракттыға қатысты құқықтар мен міндеттерді келешек алысып-берісу құқығын беруге ( оп ц и о н д ы қ м ә м і л е л е р ) ;

биржалық сауда ережесінде белгіленген биржалық тауарға, контракттыға қатысты мәмілелерді жасаса алады деп белгіленсін.

7. Тек қана делдалдық фирмалар, делдалдар, дилерлер мен бір мәрте келушілер биржалық саудаға қатысушылар болып табылады деп белгіленсін ж ә н е о н ы ұ й ы м д а с т ы р у :

клиенттің атынан және оның есебінен, клиенттің атынан және өз есебінен немесе өз атынан және клиенттің есебінен (брокерлік қызмет) биржалық мәміле ж а с а у ;

кейін биржада қайта сату мақсатымен (дилерлік қызмет) өз атынан және өз есебінен биржалық мәміле ж а с а у ;

бір мәрте келушілермен өз атынан және өз есебінен биржалық мәміле жасау жолдарымен жүзеге асырылады.

8. Биржаға өз брокерлік фирмалары мен брокерлік кеңселерін ұйымдастыруға тиым салынады, бірақ ол қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде қызметіне осы Жарлықтың және олар орналасқан ел заңдарының күші тарайтын өз филиалдары мен басқа да бөлімшелерін құруға құқылы. Биржаның лауазымды адамдары тәуелсіз делдал бола алмайды.

9. Биржалар ерікті түрде және өз мүшелерінің келісімімен немесе жалпы жиналысының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз қызметін үйлестіру, ортақ мүдделерді қорғау және бірлескен оның ішінде бірлескен саудалар ұйымдастыру жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыру үшін биржалық одақтар, қауымдастықтар және басқа бірлестіктер құра алады деп белгіленсін.

10. Биржаны заң жүзінде кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынбаған заңды және жеке тұлғалар құра алады және ол Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес өзінің құрылтайшылық құжаттары: биржалық лицензиялар, биржа құрылтайшылары жалпы жиналысының шешімі мен биржа жарғысы тіркелген күннен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады деп белгіленсін.

11. Биржалық лицензияны биржаға мынадай шарттар ескерілген жағдайда өтініш берілген күннен бастап бір айдан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Тауар биржалары жөніндегі мемлекеттік органы береді: құрылтайшылық құжаттары мен биржалық сауда ережелерінің осы

Жарлыққа, Қазақстан Республикасының өзге де заң және нормативтік актілеріне сәйкестігі анықталса;

жарғылық капиталға қосылған салым сомасы оның жарияланған сомасының кемінде жетпіс процентін құраса.

Биржалық лицензияларды беру, оларды жою және әрекетін тоқтата тұру тәртібі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен тауар биржаларын лицензияландыру туралы Ережемен белгіленеді.

12. Биржаның жарғысында:  
биржаның атауы, түрі және мекен-жайы;  
биржаға мүше қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру және тоқтату тәртібі;  
биржаның негізгі міндеттері;  
биржа мүшелерінің және биржалық саудаға басқа қатысушылардың құқықтары мен міндеттері;  
биржа мүшелерінің мүліктік жауапкершілігі;  
жарғылық капиталының мөлшері;  
биржа құрайтын қорлардың тізбесі мен қалыптасу тәртібі;

биржа басқару құрылымы және бақылау органдары, олардың функциялары мен құқықтылығы, шешім қабылдау тәртібі;

биржалық саудаға қатысушылар арасындағы биржалық мәмілелер, биржаның , оның филиалдарының және басқа дараланған бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру мен реттеу жөніндегі дауларды шешу тәртібі;

биржа мүшелері жалпы жиналысының шешімі бойынша оның қызметін тоқтату тәртібі белгіленуге тиіс.

13. Биржадағы брокерлік орындарды алатын заңды және жеке тұлғалар, оның

ішінде шетелдік тұлғалар биржа мүшелері бола алады.

Биржа мүшелігіне қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру және тоқтату тәртібін оның құрылтайшыларының жалпы жиналысы белгілейді.

Биржа мүшелігіне қабылдау биржа беретін тиісті куәлікпен расталынады.

#### 14. Биржа мүшелері:

Биржаның түріне карамастан көпшілік саудаға қатысуға; биржа мүшелерінің жалпы жиналысында шешім қабылдауға, сондай-ақ биржаның басқа да басқару да органдарының жұмысына кеңесші дауыс құқығымен қатысуға құқылы;

биржалық саудаға қатысуға өз құқығын тек бір ғана заңды немесе жеке тұлғаға тапсыруға (шартпен белгіленген мерзімге беруге) құқылы. Шарт биржада тіркелуге тиісті. Биржалық саудаға қатысу құқығын қайталап тапсыруға (субаренда) жол берілмейді.

15. Осы немесе басқа бір тауар биржасының қызметшілері; егер басшы қызметкерлері, оның ішінде олардың филиалдарының және басқа дараланған бөлімшелерінің басшылары осы биржаның қызметшілері болса, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар; қоғамдық, діни және қайырымдылық бірлестіктер (ұйымдары) мен қорлары; қолданылып жүрген заңдарға сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналыса алмайтын жеке тұлғалар биржаға мүше бола алмайды.

16. Биржаның басқару органдары: биржа мүшелерінің жалпы жиналысы, биржалық кеңес болып табылады деп белгіленсін.

Биржаның бақылау органы тексеру комиссиясы болып табылады.

Биржа мүшелерінің жалпы жиналысы биржаны басқарудың жоғарғы органы болып табылады және биржа мен оның мүшелерінің барлық құқықтары мен міндеттемелерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Биржаның басқару және бақылау органдарының функциялары мен өкілеттіктері, олардың шешімдер қабылдау тәртібі биржаның нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

#### 17. Биржалық сауда ережесі:

биржаның негізгі құрылымдық бөлімшелерінің функцияларын; биржалық саудаға қатысушыларды алдағы болатын жария көпшілік сауда туралы хабардар ету тәртібін;

биржада осы сауданы өткізу тәртібін;

биржалық мәміле түрлерін;

оларды тіркеу мен есепке алу тәртібін;

биржалық тауарлар бағасын котировкалау тәртібін;

биржалық саудаға қатысушыларды өткен жария көпшілік саудадағы биржалық мәмілелер туралы, оның ішінде биржалық мәмілелердің бағалары мен

биржалық тауарлар бағаларын котировкалау туралы хабардар ету тәртібін;  
биржа мүшелерін және биржалық саудаға басқа да қатысушыларды тауар нарқы мен биржалық тауарлардың нарықтық конъюнктуралары туралы хабардар ету тәртібін;

биржалық мәмілелер жасасу кезінде биржа мүшелері мен биржалық саудаға басқа да қатысушылардың өзара есеп айырысу тәртібін;  
бағаның күрт артуына немесе төмендеуіне, бағаны қолдан өсіруге немесе төмендетуге, ауыз жаласуға немесе бағаға әсер ету үшін жалған қауесет таратуға жол бермеу мақсатымен биржадағы баға белгілеу процесін бақылау жөніндегі шараларды;

биржа өткізетін жария көпшілік саудаларда мұқияттылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін шараларды, сондай-ақ осы шараларды қолданудың тәртібі мен шарттарын;

биржа мүшелерінің және биржалық саудаға басқа да қатысушылардың мемлекеттік өкімет органдарының шешімдерін бұзбауын қамтамасыз ететін шараларды;

биржаның биржалық саудаға қатысушылардан айыппұл алатын тәртіп бұзушылықтардың тізбесін, сондай-ақ айыппұл мөлшері мен оларды алу тәртібін;

ақша аударудың, алымдардың, тарифтердің, басқа да төлемдердің мөлшері мен оларды биржаның алу тәртібін қарастыруға тиіс.

18. Биржалық саудаға қатысушының талап өтуі бойынша биржа жария көпшілік арқылы өткізілетін нақты тауарлар сапасын олардың нормативтік құжаттар талабына сай келуіне білікті сараптауды ұйымдастыруға міндетті деп белгіленсін.

19. Мәмілелерді кепілді орындау үшін биржа есеп айырысу мекемесін құру (клирингтік орталықтар) немесе банкпен яки кредиттік мекемемен шарт жасасу жолымен есеп айырысу қызметін ұйымдастыра алады деп белгіленсін. Клирингтік орталықтар биржалық саудаға қатысушылардың биржаға тәуелсіз ұйымы ретінде құрылуы мүмкін.

## 20. Клирингтік орталықтар:

форвардтық, фьючерлік және опциондық мәмілелерді орындауға және осы мәмілелер бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамаудың салдарынан туындаған шығынның орынын толтыруға кепілдік беретін жарналардың түрлерін, мөлшерін және алу тәртібін белгілеуге, сондай-ақ осы мәмілелерге қатысушылардың басқа да қаржылық міндеттемелерін анықтауға;

белгіленген тәртіппен форвардтық, фьючерлік және опциондық мәмілелерге қатысушыларға осы мәмілелерді кепілдендіру үшін, сондай-ақ олар орындалмаған жағдайда шығынды өтеу үшін қажетті шекте кредит беру және

сақтандыруды жүзеге асыруға құқылы.

## 21. Биржа мыналарды :

биржа мен оның бөлімшелері көрсететін қызметтер үшін оның мүшелерінен, биржалық саудаға басқа да қатысушылардан биржаның пайдасына алынатын төлем ставкаларын ;

биржа жарғысын, биржалық сауда ережесін, биржа белгілеген басқа да ережелерді бұзғаны үшін айыппұлдарды жеке дара белгілеуге құқылы.

## 22. Биржаға :

биржалық тауарға бағаның деңгейі мен шегін;

биржалық мәмілелерге делдалдық еткені үшін биржалық саудаға қатысушылар алатын сыйақының мөлшерін белгілеуге тиым салынады.

Қызметтер үшін және комиссиялық алымдардан биржалық саудаға қатысушылар алатын тарифтер прејскуранты биржалық саудаға қатысушылардың кез келгені танысуға мүмкіндік алатын жерде тұруға тиіс.

23. Биржалық мәмілелер жасауға байланысты даулар биржаның төрелік комиссиясында, сотта немесе төрелік сотта қаралады. Биржаның төрелік комиссиясы туралы және дауларды қарау тәртібі туралы ережелерді биржа мүшелерінің жалпы жиналысы белгілейді. Биржаның төрелік комиссиясының шешімі белгіленген тәртіппен сотта немесе төрелік сотта шағымдала алады.

24. Биржалар мен биржалық саудаларға қатысушыларға, сондай-ақ биржалық сауданың басқа да қатысушыларына салық салу Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

25. Биржа өз қызметінің нәтижесіне оперативті және бухгалтерлік есеп жүргізуді жүзеге асырады, статистикалық есеп жүргізеді. Статистикалық есеп беру нысаны мен оны тапсыру тәртібін мемлекеттік статистика органдары белгілейді. Биржаның лауазымды адамдары мемлекеттік статистикалық есеп беруді бұрмалағаны үшін заңдарда белгіленген тәртіппен жауап береді.

26. Көпшілік сауда өткізу дәрежесі бойынша биржалар:

биржалық саудаға тек биржаның мүшелері ғана қатысатын жабық; биржалық саудаға биржаның мүшелерімен қатар келушілер де жіберілетін ашық болуы мүмкін.

27. Тауар биржаларының қызметін мемлекеттік реттеуді және бақылауды Қазақстан Республикасының Тауар биржалары жөніндегі мемлекеттік органы жүзеге асырады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Тауар биржалары жөніндегі мемлекеттік органының құрамына қызметі тауар нарықтарын реттеу мен бақылауға байланысты мемлекеттік басқару органдарының өкілдері енгізіледі, биржалық одақтардың, қауымдастықтардың, іскер адамдардың басқа да қоғамдық ұйымдарының өкілдері, сондай-ақ тауар биржалары жөніндегі жетекші

маман-сарапшылар

енгізіледі.

28. Қазақстан Республикасының Тауар биржалары жөніндегі мемлекеттік органының функциялары:

биржалық лицензиялар беру;  
Мемлекеттік тізілімді жүргізу;  
биржа туралы заңдардың сақталуын бақылау;  
биржа қызметі мен биржалық сауданың дамуын зерттеу;  
биржалық құжаттарды дайындау жөніндегі әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу;

Мемлекеттік органда қызмет бабын пайдаланғаны және биржалық сауда туралы заңдардың бұзылғаны жөніндегі биржалық саудаға қатысушылардың шағымдарын қарауды ұйымдастыру болып табылады.

29. Қазақстан Республикасының Тауар биржалары жөніндегі Мемлекеттік органы:

тауар биржалары туралы қолданылып жүрген заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге және оларды Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тапсыруға;

Заңдарды бұзғаны, Мемлекеттік органның ұйғарымын орындамаған немесе мезгілінде орындамаған жағдайларда биржаға немесе биржалық саудаға қатысушыларға тиісті санкциялар қолдануға;

биржаға мемлекеттік инспектор тағайындауға;

Қазақстан Республикасының қаржы бақылау органдарымен келісе отырып, биржалар мен биржалық саудаға қатысушылардың қызметіне аудиторлық тексеру ұйымдастыруға;

биржалардан, есеп айырысу мекемелерінен (клирингтік орталықтардан) және биржалық саудаға қатысушылардан есеп-қисап құжаттамаларымен статистикалық есеп беруді талап етуге;

қолданылып жүрген заңдарды бұзған биржаларға және олардың мүшелеріне санкция қолдану үшін материалдарды сотқа немесе төрелік сотқа жіберуге, ал қылмыс белгілері байқалған жағдайда материалдарды құқық қорғау органдарына беруге құқылы.

30. Биржадағы мемлекеттік инспектор биржаның және биржалық саудаға қатысушылардың қолданылып жүрген заңдарды сақтауына тікелей бақылауды жүзеге асырады және:

биржа ұйымдастыратын жария көпшілік саудаға қатысуға;  
кеңесші дауыс құқығымен биржа мүшелерінің, оның секцияларының (бөлімдерінің, бөлімшелерінің) жалпы жиналысына қатысуға;

биржаны басқару мен бақылау органдары жиналыстарының және мәжілістерінің барлық хаттамалары мен шешімдерін қоса биржаның қызметі

туралы ақпаратпен танысуға;  
биржа басшылығына ұсыныстар енгізуге және ұсынымдар жасауға;  
Қазақстан Республикасының Тауар биржалары жөніндегі мемлекеттік  
органына ұсыныстар мен кеңестер енгізуге;

31. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік органына, оның лауазымды адамдарына және қызметшілеріне коммерциялық ақпараттардан тұратын тауар биржаларының, биржа делдалдарының, биржалық саудаға қатысушылардың қызметтері туралы ақпаратты жария етуге тыйым салынады.

32. Іс-әрекеттері биржалық мәмілелерді орындамауға немесе мәмілеге қатысушыларды зиянға ұшыратуға әкеліп соққан мемлекеттік өкімет органдары, сондай-ақ олардың лауазымды адамдары қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен жауап береді.

33. Биржаның қызметін тоқтату Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған негіздер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін деп белгіленсін.

34. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:  
"Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының

жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне енгізісін.

Тауар биржалары жөніндегі Мемлекеттік орган туралы Ережені оның құрылымын, сондай-ақ Тауар биржаларын лицензиялау туралы Ережені әзірлеп, бекітетін болсын.

35. Осы Жарлық Заң күшіне ие және жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі "Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қабылдағанға дейін әрекет етеді.

Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

36. 1991 жылғы 13 маусымдағы "Тауар биржалары туралы" Қазақ КСР-і N 663 Заңының (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 25, 314-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Алматы қаласы 1994 жылғы 20 наурыз  
N 1604



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК